

[9] Kristien Andrianatos, 2019, 'Barriers to reading in higher education: Rethinking reading support', Reading & Writing- Journal of the Reading Association of South Africa ISSN: (Online) 2308-1422, (Print) 2079-8245 10(1), a241. <https://doi.org/10.4102/rw.v10i1.241>.

[10] Төлеуп М. М. Кәсіби бағдарлы қазақ тілі. Электр энергетикасы мамандығы студенттеріне арналған. Оқу құралы. – Алматы: АЭЖБУ, 2018. -80 бет.

Калыбаева Салтанат Бегалиевна

Түркістан облысы, Келес ауданы №2 Ө.Жәнібеков атындағы
мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші

XXI ҒАСЫР – БІЛІМ МЕН БІЛІКТІҢ ДӘУІРІ

«Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» – деп, халқымыздың ұлы ақыны Абай айтқан талап пен еңбек – қайратты танытса, терең ой – ақыл, ал қанағат пен рахым – жүректен туатын қасиеттер. Адам бойындағы осы үш қасиетті ерекше танып-біліп, білімді де білікті толық тұлға болып қалыптасуы – XXI ғасырдың талабы. Өйткені, бүгінгі күш те, қуат та – білімде!

Мемлекеттің болашағы – білімді жастар. Көзі ашық, көкірегі ояу білімді ұрпақ өз Отанын дамыту жолында аянбай тер төгеді. Сол себепті, еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанда білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударып, бүгінгі жастар – болашақ Қазақстанның жарқын бейнесі екенін жеткізді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын зер сала оқып шыққан әр адамның жарқын болашаққа деген сенімінің арта түсетіні анық. Аталған мақалада Елбасы халқымыздың болашағы туралы кемелді ойларын жүректен өткізе отырып, толғана баяндайды. Ол халқымыздың бүгінгі мен ертеңі туралы келелі ой қозғап, игі мақсаттарды анықтап, оған бастар жолды саралап берді. Еліміздің жас ұрпақты білім мен ғылымға баулып жүрген ұстаздар қауымы үшін аталған мақаланың, әсіресе, «Білімнің салтанат құруы» атты бөлімінде айтылған ойлардың маңызы зор. «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет» – деп, Елбасы атап өткеніндей халқымыздың білімге деген құштарлығына айқын дәлелдер жетерлік. Шешілуі қиын небір дауларға нүкте қоя білген бабаларымыздың шешендігінің өзі терең білімнен бастау алады.

Елбасымыз тағы бір сөзінде: Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті тұр, – деп жастарға зор сенім мен үміт артып отыр. Сол сенімді ақтап, болашағымызды жарқын ету, елімізді өркендету үшін білімді жастар керек.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» - деп екінші ұстаз айтқандай, жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан — 2030 " атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «...біздің балаларымыз бен немерелеріміз... бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» — деп, үлкен үміт артты. Болашақ жастардың қолында деген ұрандарды жиі айтып, елімізде осы мақсаттарда қолға алынып жатқан жобалар аз емес. Тек оны өз керегіне қарай пайдалану әрбір жастың құзырындағы жұмыс. Мемлекет тарапынан жасылынып жатқан бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға әрбір жастың өз ұмтылысы болуы тиіс. Өйткені, өмір, ағыны тоқтамақ емес, жастық шақтың да жарқ етіп өте шығары баршаға мәлім. Қашан да, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді... Елбасының «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» – деген сөзін басшылыққа алған ұлағатты ұстаздар жас ұрпаққа тәлімді тәрбие, сапалы білім беруде талмай ізденіп, жаңа бастамаларға қызу үн қосуда. Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тындыруға міндетті екенімізді естен шығармайық!

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі

заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс» – деп атап көрсетті.

Егеменді еліміздің ертеңі-білімді ұрпақ қолында. Терең білім саналы тәрбие негізінде бойға сіңетіні белгілі. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу; қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриалдық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу; білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру болып табылады. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болып табылады. Қазақстанды Отаным деп таныған әр азаматтың осыған өз әлінше үлес қосуы – бұның басты шарттарының бірі.

Жастарды білім жолына салып, түзу жолдан тайдырмай, санаға сәуле шашар оқу білімнің тізгінін ұстату мемлекет пен қоғамның міндеті саналады. Қандай мықты мемлекет болмасын жастардың білімі мен оқу-ағарту ісіне көп көңіл бөледі. Келешектің іргетасын қалау үшін, ең алдымен сол елдің жастарының саналы ұрпақ болып жетілуіне күш салу керек.

Еліміздің басшысы айтқандай, Тәуелсіздік жылдарында талантымен таңдай қақтырған жас өрендердің тұтас легі өсіп-жетілді. Бүкіл әлемді аузына қаратқан ғажайып дарын иелері де бар. Киелі Түркістан топырағынан шыққан мұндай өнерлі жастар аз емес. Білім, спорт, өнер саласында танылып үлгерген азаматтар өлкеміздің абыройын асырып келеді. Мәселен, балуандар мен боксшыларымыз әлемдік аренада ел туын көкке көтеріп жүрсе, түрік елінде ұлттық өнерді ұлықтап жүрген азаматтарымыз бар. Осындай талапты ұл-қыздардың жер жүзіндегі кез-келген елге барып, білім алуымен қатар мемлекеттің мерейін үстем етіп жүруі – бұл Қазақстанның келешегінің кемелдігін көрсетеді.

XXI ғасыр – білім мен ғылымның алтын дәуірі. Жаңа технологияны меңгеру, сабақ берудің тың тәсілдерін игеру мен оқушылардың қарым-қабылетін ашып, бәсекеге қабылетті болуға бүгіннен дайындау өте маңызды. Сондай-ақ, ғылыми жобаларға тереңірек мән берген дұрыс. Физика, математика, химия мен биология, технология салалары бойынша ғылыми жобаларды жүзеге асыру табысқа бастаса, тарих, әдебиет, тіл салалары бойынша елдің өткені мен болашағын саралауға жол ашады.

Жастар – қашанда тың идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші. Сондықтан Президент азаттық жылдарында дүниеге келген, әлі танылып үлгермеген талантты жастарды қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды ұсынды. Бұл жастарға жалын беріп, жігерін жанитын қосымша күш болмақ. Бәрінен бұрын, Отанды сүю, елге қызмет ету, патриот болып қалыптасу ең асыл қасиет. Шындығында, адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Әлихан Бөкейхановтың «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген ұлағаты өміршең.

Егемен ел болғалы отыз жыл болды. Тәуелсіздіктің төл перзенті ретінде елдің өркендеуі жолында қызмет етуге дайынбыз. 30 жыл аз уақыт емес, осы жылдар ішінде ел өркендеудің жолына түсті. Елдің әлеуеті артып, экономикамыз алдыға жылжыды. Жастардың әр салаға серпін беруі, басшылыққа келуі қуантты. Сондықтан Мемлекет басшысы жастарға «кең байтақ Қазақстанды асқақ армандарың мен батыл жоспарларыңды емін-еркін жүзеге асыра алатын, табысыңа марқайып, әрдайым тілеуіңді тілейтін қасиетті Отаның ретінде бағаландар! Мен жаңа Қазақстан патриотизмінің жасампаздық құдіретіне сенемін» деп ізгі ниетін жеткізді.

Сөз соңында айтарым «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс. Сонда ғана «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырып, озық елдер қатарына қосыламыз.